

ДӘЙКЕСӨЗ

Ирина ҚАПАНОВА,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ КОМПЛЕКС-
ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЕТЕКШІСІ:

**« ҚЫСҚА УАҚЫТ
АРАЛЫҒЫНДА
БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТ
РЕФЕРЕНТТІК
МОДЕЛЬДІ ЕНГІЗУ
БОЙЫНША ҮЛКЕН
ЖҰМЫС ЖҮРГІЗДІ.
ОНДА СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН
КҮРЕСУГЕ
МҮМКІНДІК
БЕРЕТІН БІРҚАТАР
ПРОЦЕДУРАЛАР
ҚАРАСТЫРЫЛҒАН**



АҚПАРАТ

**ТРАНЗИТ
ЭЛЕУЕТІ ЗОР**

Қазақстанның транзиттік контейнерлік тасымалдағы әлеуетінің зор екенін жалпы жүк тасымалы көлемі кірісіндегі үлесінің 28% құрап отырғанын көреміз.

Бұл – биылғы жылдың сегіз айындағы көрсеткіш. Осы ретте, ел аумағынан өтетін транзиттік контейнерлік тасымалдың басым бөлігін, яғни 45%-ін Қытай – Еуропа – Қытай бағдары құрап отырса, Транскаспийлік халықаралық көлік бағдары (ТХКБ) бойынша үлес 44%, ал Қытай – Иран және өзге де бағыттарға 11% мөлшерінде үлес тиесілі болып отыр. Үстіміздегі жылдың сегіз айында Қытай – Еуропа – Қытай бағдары бойынша тасымал көлемі 185 мың ЖФЭ-ні құраған, өсім 7%. Ал Қытай – Орталық Азия бағдары бойынша есепті мерзім ішінде тасымал көлемі 115 мың ЖФЭ-ні құрапты. Атап өтерлігі, өткен жылға қарағанда бұл бағыттағы тасымал көлемі 61% дейін өскен. Оның себебін, теміржол саласы мамандары аталған бағдардағы жүктің басым бөлігі өзбек елі экономикасының өсуіне байланысты Ташкент торабындағы станцияға негізделгенін, сондай-ақ, Қытай – Ауғанстан транзиттік бағдарының да дамуы өз кезегінде оң ықпалын тигізіп отырғанын айтады. Соңғы бағдар бойынша сегіз ай ішінде 1,4 мың ЖФЭ контейнер жүк тасымалданып, өсім көлемі 27% жетіп жырғылған. Қазақстан арқылы контейнермен жүк тасымалдауда Ресей нарығының қатысушылары арасында да сұраныстың жоғары екені байқалады. Мәселен, Қытай – Ресей – Қытай бағытындағы тасымал көлемі 25,2 мың ЖФЭ құрап, бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 8 есеге артқан. Бұл бағдар бойынша тасымалдың негізгі номенклатурасын ағаштар мен химикаттар құрап отыр.

Қазақстан бүгінде Иран мемлекетіне үш түрлі тасымал бағдары арқылы шығу мүмкіндігіне ие. Оның бірі, Қазақстан – Түркіменстан – Иран желісі болса, екіншісі, Қазақстан – Өзбекстан – Түркіменстан – Иран, ал үшіншісі – «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарылымындағы Ақтау порты. Міне, осы үш бағдар арқылы биыл Қытайдан Иранға және кері бағытта 2,6 мың ЖФЭ контейнер жүк тасымалданып, тасымал көлемі 411% өскен. Ал ТХКБ бойынша тасымал көлемі 3 мың ЖФЭ немесе 63% өсімді құраған. Бұл Эзербайжан, Грузия, Түркия мемлекеттерін байланыстыратын және теңіз порттары арқылы бірнеше рет жүктерді қайта тиеуді талап ететін күрделі мультимодальды бағдар болып табылады. Соған қарамастан ТХКБ бойынша тасымалдың өсуіне ықпал етіп отырған негізгі фактордың бірі ретінде мамандар, аталған бағдарға қатысты арнайы тариф шарттарының ұсынылып отырғанын айтады.

Ислам ТАЛҒАТ

АКТУАЛЬНО



ЗЕРНУ – ЗЕЛЕНЫЙ СВЕТ

В нынешнем году проблем с нехваткой вагонов для перевозки зерна нового урожая не будет. В предстоящий маркетинговый сезон Казахстан планирует экспортировать порядка 7 миллионов тонн зерна и муки. Об этом рассказал министр сельского хозяйства РК Сапархан Омаров на заседании Правительства РК.

Асель ШАЙХЫНОВА

– Проводится подготовительная работа по экспорту зерна нового урожая. Обычно мы наблюдаем ситуацию с нехваткой зерновозов, в этом году совместно с другими государственными органами работаем на опережение и ведём системную работу по решению вопросов логистики, – сказал Сапархан Омаров.

Он отметил, что совместно с АО «НК «ҚТЖ» создан штаб по решению оперативных задач при участии всех заинтересованных сторон.

– Рынки сбыта определены. Экспортный

потенциал зерна и муки на 2019-2020 маркетинговый год составит порядка 7 миллионов тонн, – добавил Сапархан Омаров.

Так, с 1 октября текущего года под председательством первого заместителя председателя правления АО «НК «ҚТЖ» приступил к работе штаб по организации ежегодной перевозки зерна и продуктов перемолота.

В его состав вошли руководители АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки», АО «Қазтеміртранс», АО «Астық Транс», АО «KTZ Express», представители Министерства сельского хозяйства, АО «НК «Продовольственная контрактная корпорация», Комитета госдоходов Министерства финансов, Ассоциации национальных экспедиторов, Союза зернопереработчиков, Зернового союза Казахстана.

Штаб осуществляет общий контроль над координацией зерновой кампании. До конца октября он проведет расчет потребности в хоппер-зерновозах, в крытых вагонах для перевозки зерна и продуктов перемолота в период ноябрь-май, определит необходимое количество локомотивов для перевозок, запас топлива и горюче-смазочных материалов для содержания локомотивов.

ПРОЕКТ

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ ОБСЕ

Делегация ОБСЕ презентовала проект «Зеленые порты и взаимодействие в регионе Каспийского моря» в рамках посещения порта Ақтау.

Роман ЛЮБИМОВ

К реализации этого проекта ОБСЕ приступила в июне текущего года. Основной его целью является содействие Казахстану, Азербайджану и Туркменистану в развитии «зеленых» портов и укреплении взаимодействия в регионе Каспийского моря. Проект осуществляется в партнерстве с Европейским банком реконструкции и развития, ЕЭК ООН и ведущими экспертами частного сектора, а финансируется такими европейскими странами, как Германия, Италия и Исландия.

Встречу с представителями ОБСЕ провел первый вице-президент порта Ақтау Мехта Назбан. Гости ознакомились с инфраструктурой порта, поделились идеями по снижению негативного воздействия портов на окружающую среду, в том числе через использование возобновляемой энергии. Они подчеркнули, что новый проект будет способствовать развитию морских и трансконтинентальных грузоперевозок и упрощению таможенных процедур.

Стоит отметить, что неделей ранее в офисе Международного



центра зеленых технологий и инвестиционных проектов прошел семинар, посвященный теме взаимодействия в регионе Каспийского моря, где эксперты программ ОБСЕ рассказали руководству крупных транспортно-логистических компаний, морского порта Ақтау и СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота» о преимуществах внедрения «зеленых» и цифровых технологий в инфраструктуре.

Глава офиса программ ОБСЕ в Нур-Султане Дьерд Сабо отметил, что транскаспийское направление транзитных грузоперевозок отвечает долгосрочным целям стратегии Европейского союза в Центральной Азии.

КОНФЕРЕНЦИЯ

РЕШАТЬ ПРОБЛЕМЫ СООБЩА

Предоставление качественных услуг по ремонту и сервисному обслуживанию локомотивов, взаимодействие с производителями и ремонтными предприятиями для обеспечения безопасности перевозочного процесса обсудили в столице в ходе конференции «Повышение показателей надежности локомотивов АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки».

Любовь РОВБА

В двухдневном мероприятии, прошедшем в стенах Астанинского локомотиворемонтного депо, приняли участие порядка 100 руководителей высшего и линейного звена АО «НК «ҚТЖ», дочерних организаций, группы компаний «Камкор Менеджмент», частных ремонтных предприятий и заводов-производителей.

– Основная доля нарушений безопасности, допущенных в локомотивном комплексе, приходится на ремонтные и сервисные предприятия. С начала текущего года наблюдается увеличение заходов локомотивов на внеплановый ремонт, а также времени их простоя на плановых видах ремонта, – отметил, открывая конференцию, первый заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Канат Альмагамбетов.

Для дальнейшего улучшения состояния безопасности движения поездов, по его мнению, необходимо минимизировать влияние человеческого фактора, повысив ответственность командно-инструкторского состава и локомотивных бригад, вести постоянную профилактическую работу по недопущению случаев поездов запрещающих сигналов светофоров, проверять качество расшифровок скоростермерных лент и кассет регистрации, усилить контроль за качеством ремонта и сервисного обслуживания локомотивов.

Наряду с этим нужно повысить требовательность к подрядчикам в части снижения простоя локомотивов в ремонте и улучшения технического состояния локомотивов серии 2ТЭ10МК, ТЭЗЗА, СКД, КЗ, ВЛ80 при техническом и сервисном обслуживании, – добавил

Канат Альмагамбетов, поручив АО «Камкор Локомотив» обеспечить качество проведения крупных видов ремонта и применяемых при этом материалов.

В свою очередь, управляющий директор по безопасности АО «НК «ҚТЖ» Марат Шакиенов подчеркнул, что по итогам 9 месяцев 2019 года программа по капитальному ремонту и техническому обслуживанию локомотивов выполнена на 95%.

– На базе филиала АО «НК «ҚТЖ» – Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта» разработана специальная Программа повышения квалификации приемщиков локомотивов эксплуатационных депо и начальников участка ПТОЛ, – отметил главный ревизор.

(Окончание на 3 стр.)

ЖОБА

ҚОЛДАНЫСТА – ВИРТУАЛДЫ КӨРМЕ

«ҚТЖ» ұлттық компаниясында «Виртуалды көрме» ілкімді жобасы бастау алды. Жоба Компанияның Техникалық орталығының бастамасымен іске асады.

«Виртуалды көрме» ҚТЖ және оның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдары қызметкерлеріне жұмыс орнында тікелей белгілі бір тақырыптағы толық мәтінді ақпараттық материалдарды (кітаптарды, журналдарды, тақырыптық жинақтарды, сараптамалық шолуларды) пайдалануға мүмкіндік береді.

Көрменің бірінші тақырыбы – «Көліктегі логистика». Адрестік сілтеме тізімінде – KTZ Express қызметкерлері, интеграцияланған тасымалдарды жоспарлау, маркетинг және транзиттік саясат, логистиканы дамыту бағдарламасын үйлестіру мәселелерімен айналысатын мамандар мен басшылар бар.

Өңірлік деңгейде логистика бойынша жүк тасымалы бөлімшелерінің басшылары алушылар болып табылады. «Виртуалды көрме» пайдаланушы алынған материалды кері байланыс функциялы арқылы «қанағаттанарлық», «жақсы» және «өте жақсы» деп бағалай алады.

«Келесі «Виртуалды көрме» теміржол көлігін цифрландыру мәселелеріне арналады», – дейді Техникалық орталықтың ғылыми-техника және саралау мәселелері жөніндегі бас менеджері Наталья Смольянова.

Болашақта – айына екі рет ұйымдастырылатын осындай көрмелер Компания қызметінің барлық бағытын қамтуды көздеп отыр. Бұл білімді басқаруда қолайлы орта құруды қамтамасыз ететін болады.

Қызғалдақ ЖАҚЫПБЕКОВА

НОВОСТЬ

ПОГРУЗКА В ПЛЮСЕ

В сентябре текущего года по сети АО «НК «ҚТЖ» обеспечена погрузка более 22 миллионов тонн груза, из них каменного угля – 8,5 миллиона тонн, зерна – около 700 тысяч тонн и свыше 200 тысяч тонн продуктов перемолота.

По словам аналитиков, наблюдается снижение погрузки твердого бытового топлива по сравнению с аналогичным периодом прошлого года во внутреспубликанском сообщении почти на 8% в связи с отсутствием заявок грузоотправителей на погрузку коммунально-бытового угля для нужд населения и на теплоэлектроцентрали страны.

Вместе с тем, в сентябре текущего года почти на 32% по отношению к прошлогодним показателям выросла погрузка муки и продуктов перемолота внутри РК, и составила 81 тысячу тонн. Больше, чем планировалось в сентябре 2019 года, погружено строительных грузов – 2,26 миллиона тонн, рост к сентябрю 2018 года составил 15%.

В целом, по итогам 9 месяцев 2019 года, по сети АО «НК «ҚТЖ» погружено более 187 миллионов тонн груза. В частности, каменного угля – 73,5 миллиона тонн, в том числе внутри страны – более 50 миллионов.

Погрузка зерна с начала года достигла объема 7 миллионов тонн, из них 2,3 миллиона – внутри республики, что на 26,6% больше, чем за 9 месяцев прошлого года. Погружено 1,8 миллиона тонн продуктов перемолота, в республиканском сообщении рост составил 3,5%.

Алуа ТЛЕУБАЕВА

БҮГІНГІ САҢ

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ ДИРЕКЦИЯСЫ БОЙЫНША

293

ҚАР ТАЗАЛАУ ТЕХНИКАСЫ ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ДАЙЫН

АҚПАРАТ

ҮШ ВАГОН ЖОЛДАН ШЫҒЫП КЕТТІ

Қазанның 6 күні кешкі 21 сағат 05 минутта Алматы – Отар телімінің Жиренайғыр – Қопа аралығында жүріп келе жатқан №3741 жүк пойызының үш вагоны жолдан шығып кетті.

Абырой болғанда жапа шеккен немесе қаза болған адам жоқ. Тек осы оқиға салдарынан 9 жолаушылар пойызы кідіруге мәжбүр болған. Оқиға салдарын жоюға Алматы станциясының қалпына келтіру пойызы жеділетіп, іске кіріскен. Нәтижесінде түнгі 1 сағат 35 минутта, яғни 4 сағат 40 минуттан соң Жиренайғыр – Қопа аралығындағы тақ жол бойынша барлық пойыздар қозғалысы ашылып, олардың жүру жылдамдығы сағатына 15 шақырымды құраған.

Оқиға орнында жұмыс бір сәтке де тоқтамаған, түнімен жүрген, тек таңғы сағат 4-те апатты жағдай орын алған аралықта пойыздар қозғалысы толық қалпына келтірілген.

Вагондардың жолдан шығып кетуіне себеп болуы мүмкін деген жорамал айтылуда. Нақты себеп-салдарын арнайы тексеріп жатқан комиссия анықтайтын болады.

Нұрбек БЕКЕН

ЖАС ЖОЛШЫНЫҢ МЕРЕЙІ



Қыркүйек айының соңында Нұр-Сұлтан қаласында «Жас үздік маман» кәсіптік республикалық байқауының ақтық сайысы өткені белгілі. Сол байқауда Атырау жол дистанциясының жол жөндеушісі Нұрболат Қорғанбаев жүлделі үшінші орынды иеленді. Оған еліміздің әр түкпірінен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясы бойынша іріктеліп алынған 12 жол монтері қатысқан болатын.

Байқау ережесіне сай әуелі 25 сұрақтан тұратын теориялық білімді анықтайтын тест өткен. Оған Нұрболат 100% дұрыс жауап берген. Содан кейін жолшылардың атқаратын жұмысы бойынша техникалық процестерді және технологиялық әдістерді дұрыс қолдану тәртібі бағытында үш түрлі сынақ тапсырмалары өткен. Осы сынақтарды жақсы тапсырған ол сайыс қорытындысымен үшінші орынды иеленіп, 150 мың теңгенің сертификатына ие болды.

Нұрболат темір жолда, соның ішінде жол дистанциясында 2011 жылдан бері қатардағы жолшы болып еңбек етіп келеді. Ол өз ісіне мығым, үлкен жауапкершілікпен қарайды. Шойын жолдың әр миллиметрін қадағалап, шпалдардың жай-күйін, бұрандалардың беріктігін, жалпы қауіпсіздікті жете бақылап жүретін жас маман. Ол – отбасылық династияны жалғастырушы. Аталары Жанат пен Қорғанбай еңбек жолын 1936 жылы темір жолдан бастаған екен. Содан бері бұл әулетке теміржолшы кәсібі тұрақтаған. Әкесі Боран да 40 жылдың үстінде еңбек етіп келе жатқан нағыз майталман теміржолшы, бүгінде зейнеткер. «Ата-баба жолын жалғастырып, темір жолдың тарланы болып келе жатқан Нұрболаттың жеңісі – бүкіл Атырау магистральдық желі, соның ішінде Атырау жол дистанциясы үшін үлкен мерей. Алда да еңбегі өрге жүзе берсін» дейді дистанцияның кәсіподақ төрағасы Нұран Есенов.

Мұқыр станциясында туып-өскен және қазір сол жердегі учаскеде жұмыс істейтін Нұрболат әлі жас, сондықтан алдағы арманы – білімін жетілдіріп, іздену.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау

ӘЗІРЛІК ПЫСЫҚТАЛДЫ

Жамбыл теміржолы аумағында шаруашылықты қысқа дайындауды қамтамасыз ететін күзгі комиссиялық тексеру өз деңгейінде жүріп жатыр. «ҚТЖ»-Жүк тасымалы» АҚ – Жамбыл ЖТ бөлімшесі филиалының директоры Берік Ақшалов, Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің директоры Асқар Көкөзөв және Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Жамбыл аймақтық бас ревизоры Айғабыл Өтелбаев бастаған комиссиялық топ өңірдегі темір жол мекемелерін аралап, шаруашылықтың кем-кетігін көзбен көріп, теміржолшылардың хал-ахуалымен танысып шыққан. Нәтижесінде анықталған талай кемшілік дер кезінде жойылып, талай іс оң шешімін тапқан.

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің қозғалыс қауіпсіздігі қызметінің басшысы Бақытжан Айтқұловтың сөзіне қарағанда, тексеруші құрам жұмыс барысында өңірдегі 60 станцияның тыныс-тіршілігімен танысып, теміржолшылардың қым-қуыт шаруаларын қадағалап қайтқан. «9-24 қыркүйек аралығында жалғасқан комиссиялық байқау жұмысының қорытындысын енді гана саралап, зерделеп біттік. 3 локомотив пайдалану депосының, 2 вагон пайдалану депосының, 4 жол дистанциясының, 3 белгі беру және байланыс дистанциясының, 3 электрмен жабдықтау дистанциясының жұмыстары тексеруші топтың жіті назарына алынды. Жамбылдық темір жол саласының қысқы маусымға дайындығы аяқталуға жақын. Байқалған аз-маз кемшіліктер мен оқшылықтар көп ұзамай түзетіліп, орнына келтіріледі», – дейді Б.Айтқұлов.

Айта кетейік, қазіргі таңда күзгі, қысқы маусымға әзірлік шаралары аясында Луговой-Қорағаты станциялары аралығындағы теміржолдың шпалдары жаңартылып, бурмалары қағайтылуда. Бұл жұмысқа қажетті 800 шпал мен 4 кешенді бурма нысан басына жеткізілген.

Әсел ЖАЙНАҚОВА, Жамбыл облысы

КӘСІБІ – НӘСІБІ

АҚАУТАПҚЫШ ОПЕРАТОР

Мықтыбек Тастанбеков теміржолдағы еңбек жолын 2003 жылы жол жөндеуші болып бастаған. 2004 жылы ақауапқыш оператордың көмекшісі болып істей бастады. 2007 жылы Жамбыл оқу орталығында үш ай біліктілігін жетілдірді. Міне, содан бері Мықтыбектің ПЧ-53 Шымкент жол дистанциясында ақауабу арбасының операторы болып жұмыс істеп келе жатқанына – 16 жыл.

Жансая СЫДЫҚБАЙ, Шымкент

Кейіпкеріміз ерінбей рельстерді тексеретін аппараттың қыр-сырын түсіндіруге кірісті. «Бұл аппарат ақауапқыш арбасы, яғни жолдың рельсын тексереді, зақымданған, сынған, майысқан, басқадай бұзылған рельстер пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіретіні белгілі. Сондықтан, міне, осы аппарат көмегімен оны ылғи тексеріп, жай-күйін анықтап отырамыз. Біз, былайша айтқанда, теміржолдың ақауын емдейтін дәрігерлерміз. Осы ақауапқыш көмегімен жолдың ақауын алдын ала тауып, дер кезінде ауыстырып, яғни апатты болдырмаймыз. Күніне 8 сағат жұмыс істеп, сол аралықта 7 км шақырымдай жолды тексеріп шығамыз. Біздің жұмысымызды ҚТЖ-дан тиісті департамент мамандары бақылап отырады. Қай жерде, қай сағатта, қай километрде жұмыс істеді, соның бәрі жазулы тұрады. Барлығын километрмен, пикетпен есептейді», – деп түсіндірді М.Зиябекұлы жалпақ тілмен.

Бұрынғыларға қарағанда жетілдірілген заманауи ақауапқыш аппарат Ресей өнімі, Қазақстанға 2018 жылы сатып алынған. Оның тілін біліп, меңгеру үшін ақауапқыш мамандар алдымен Алматыға барып оқыған. Ақауды анықтау үшін ультратыбыс сигналды құлаққаппен тыңдайды. Содан соң компьютермен тексеріп көреді. Көзбен көріп, екінші рет тағы да ультратыбыспен көреді. Онда 18 каналға қарап, сол қалай дыбыс береді, жақсылап тексеріп шығады.

Маманның айтуынша, бүгінде Шымкент жол дистанциясына



қарасты жолдардың рельсі түгел жаңа емес. Жанаңса да, ескісі де, ортасасы да аралас. Сондықтан осы ақауапқыш көмегімен тек ескірген зақымданған рельстерді ғана ауыстырып отыр.

«Ақау күнде шыға бермейді, бірақ сынапайын деп тұрған рельс болса, алдын ала хабарландыру беріп ескертіп отырамыз. Яғни, біз бірден сынған кезде емес, ақауды алдын ала табамыз. Себебі, жөндеуге үш күнге мерзім берілетін рельстер бар, үш сағатта ауыстыратын рельстер бар және жеділетіп ауыстыратын рельстер бар. Қысы-жазы ауа райына қарамаймыз. Ал егер апат болса, күндіз-түні жұмыс істейміз», – дейді М.Зиябекұлы.

Жол жөндеушінің жұмысы да, жауапкершілігі де ауыр. Ақауапқыш маманның жұмысы онымен қоса аса

жауапты. Мықтыбек Тастанбеков теміржолда қазіргі таңда ең кемі 20 жыл еңбек өтілі бар операторлар жұмыс істеп жатқанын, жастар келгенімен бір жарым жыл істеп көріп, бұл салада тұрақтамай қиналып кетіп қалатындығын қынжыла жеткізді.

«Теміржолды байқап қарасаңыздар, өңкей жасы 40-тан, 50-ден асқандар істеп жүр, жастар аз. Айлығы аздық етеді, жұмысы ауыр, жауапты, сондықтан кадр тұрақтамайды. Меніңше, жалақыны көтеріп, мамандарды жұмысына қарай бағалап отырса, әлеуметтік жағдайын жасауға, яғни баспана алуға мүмкіндік жасаса, жастар келер еді. Бүгінгі таңдағы ең үлкен мәселе – теміржолға жастарды тарту, маман тәрбиелеу дер еді», – дейді ақауапқыш оператор.

Суретті түсірген автор

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

ШАМАЛҒАННЫҢ ШАҒЫН ҰЖЫМЫ

Жақында жолым түсіп Шамалған станциясына бардым. Бір ай бұрын болған өткелдегі апат оқиғасы – автобустың жолаушы пойызымен соқтығысынан кейін бұрын Шамалған деген станция бар екенін білмейтіндер бүгінде оның аты аталса елең ете қалады. Бұл шағын станцияның шағын ұжымының жұмысына сын артқан оқиға болғаны анық.

Елена ҚОЛДАСБАЕВА, Алматы

Жұмыс істеу сипаты мен функциясы бойынша Шамалған аралық болып табылады, ал жүк операцияларының көлемі бойынша үшінші класқа жатады. Станцияның технологиялық процесі техникалық құралдар арасында жұмысшы ұтымды бөледі, пойыздық және жүк апаратын дәл беруді, вагондарды уақытылы ағыту және тіркеу, жинау мен жөнелтуді бұлжымас қағида санайды. Сондықтан оңтүстік астанаға кіретін қақпа сынды қала іргесіндегі шағын станцияның тірлігі тап-тұйнақтай, барлық көрсеткіштер орындалуда. Әрі-бері ағылған транзиттік пойыздарға қызмет көрсетумен қатар жергілікті жүк жылдан-жылға артып келеді. Айталық, жыл басынан бері 3060 вагон жүк түсіріліп, ол 211140 тоннаны құраған. Тек ағымдағы жылдың қыркүйек айында 138 вагон жүк тиеліп, 903 вагон жүк түсіріліпті, оның 667 вагоны – көмір.

Станцияның үздіксіз жұмыс ырғағы бірден сезіледі, тәулік бойы кірме жолдарда пойыздар мен жергілікті вагондарды құрастыру жүріп жатады. Пойыз құрастырушыны, станция кезекшісін, тауар кассирін, жүк қабылдап-тапсырушыны және аралас қызметтердің басқа да өкілдерін қоса алғанда, станцияда барлық теміржолшылар өздеріне жүктелген функцияларын мұлтсіз атқарады.

Шамалған станциясының бастығы Әлібек Махамбеталиев қозғалыс



саласының барлық қызмет сатысынан өткен. Соның арқасында ол жақсы басқарушы бола алды. Ол еңбек жолын Достық станциясында пойыз құрастырушы болып бастаған екен, айтуынша, Достық оған жақсы мектеп болған. Өйткені, Достық мектебі – өсу мен біліктілік мектебі. Бірнеше жыл бойы Әлібек Алматы-2 станциясының кезекшісі, пойыз диспетчері, бөлімше бойынша кезекші, Алматы ЖТ бөлімшесі техникалық бөлімінің бастығы болып жұмыс істеп, тәжірибін шыңдады. Шамалған станциясының шағын ұжымын басқарып жатқанына көп уақыт өте қоймаса да ол осы Алматыдай мегаполистің қақпасы сынды бекетке бауыр басқанын мойындайды.

Бір-біріне деген қарым-қатынастары ерекше, кез келген уақытта көмекке ұмтылатын, «бірі – бәрі үшін, бәрі бірі үшін» деген ұстанымда жұмыла еңбек етуге дағдыланған жергілікті теміржолшыларға ол «тастай батып, судай сіңді».

– «Атын шықпаса жер өрте» демекші, жаманаты шыққанша шықпаған дұрыс болар. Шамалғанның аты өткенде өткелде болған апатқа байланысты аталмай, өзінің жетістіктерімен, даңқты еңбектерімен, олардың ерлік істерімен байланысты аталғанын қалар едік. Шамалған оқиғасы бізге сын болды, сондықтан теміржолшылар атына кір келтірмес үшін жұмысымызды бұрынғыдан да

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

КЕЗЕК ӨТКЕЛДЕРГЕ КЕЛДІ

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі күзгі бақылау жұмыстарын аяқтады. Станциялардағы күзгі-қысқы кезеңге дайындық мәселесі толықтай реттеліп тұр. Биылғы жылы жөндеуге кіргізілген қар тазалау техникалары да қайта сапқа қойылған.

Күзгі бақылау жұмыстары Әйтеке би-Қандыағаш, Қандыағаш-Сағыз, Жем-Қандыағаш, Қандыағаш-Ақтөбе, Ақтөбе-Жайсаң, Шалқар-Сексеуіл, Шалқар-Жем, Шалқар-Тассай, Жайсаң-Илеқк, Илеқк-Шыңғырлау, Шыңғырлау-Қазақстан, Қазақстан-Орал учаскелерінің барлығына, шамамен 2,5 мың шақырым телім бойына жүргізілді.

Ақтөбе мен Орал бөлімшелерінде орналасқан барлығы 131 қазандық жылыту маусымына дер кезінде дайын болған. Оның ішінде 32 қазандық газбен, 52 қазандық көмірмен, 42 қазандық электрмен және бесеуі дизель отынымен жылытылады. Қазандықтың барлығы жөндеу жұмысынан өтіп, бүгінде жылу бере бастаған.

Ақтөбе бөлімшесіндегі жылыту маусымына дайындық бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері ақпарат берді. «Жалпы, жылыту маусымына дайындық әлі жүріп жатыр. Коммуналдық қажеттіліктер мен тұрғындар үшін отын дайындау жұмыстары жоспарға сай. Қазіргі кезде техникалық көмір тасымалданып жатыр», – дейді бас инженер Сәндібек Аманбаев.

Бөлімше бойынша қар тазалайтын жылы жинайтын барлығы 59 техника және Жыл жоспар бойынша үш қар тазалау техникасы жөндеуден өткізілген.

«Осыған дейін қыста пойыздардың кідіру оқиғасы болған емес. Алдағы қысты да ойдағыдай өткізесіз деген ойдамыз. Жол бойындағы 60 шақырым болатын қар ұстауға арналған қалқан шарбақтар жөндеді. Ал жұмыстар үшін қысқы кимдер 90 пайыз келіп болды», – дейді бас инженер.

Биыл өңірде 23 шақырым жолға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген болатын. Бершүгірде 8 шақырым, Тамды-Ақтөбе аймағында 15 шақырым жол жөндеді. Қазір кезек өткелдерге келді, бөлімшеге қарасты барлық өткелдер тексеріліп жатыр.

Ардақ ЕРҰБАЕВА, Ақтөбе

Суретті түсірген автор

КОНФЕРЕНЦИЯ

РЕШАТЬ ПРОБЛЕМЫ СООБЩА

(Окончание. Начало на 1 стр.)
Представив детальный анализ состояния безопасности движения в целом по локомотивному комплексу с начала текущего года, главным менеджером департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» Ниязбек Жанабаев подчеркнул, что на состоянии безопасности движения поездов в локомотивном комплексе важное влияние оказывают действия локомотивных бригад, качество ремонта и сервисного обслуживания.
– За девять месяцев 2019-го общее количество нарушений безопасности движения в локомотивном комплексе увеличилось на 20% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года, – констатировал он.

При этом в 89% случаев нарушения допущены предприятиями, не входящими в состав АО «НК «КТЖ», но являющимися участниками перевозочного процесса.

– КТЖ принадлежит более 1500 локомотивов, в том числе новых серий. Их ремонт и обслуживание, а также наличие запаса комплектующих обеспечивают частные сервисные организации. Улучшению технического состояния тягового подвижного состава уделяется большое внимание, но не удается достичь того, чтобы техника не подводила. Отказы локомотивов возникают из-за несовершенства конструкции, нарушения технологического процесса ремонта, отсутствия необходимого запаса комплектующих, недостаточной квалификации персонала частных ремонтных баз, – поделился Марат Шакиенов.

АО «КТЖ – Грузовые перевозки» совместно с Alstom и Transpotation Global LLC уже устраняют конструктивные недостатки на локомотивах серии ТЭ33А, ТЭП33А, КЗ8А, КЗ4Ат и КЗ4А, Ас. Эта работа будет продолжена, отмечалось на конференции.
Не остались без внимания и проблемы ремонтных предприятий. Так, директор Таразского локомотиворемонтного депо Ильяс Лесбаев в своем выступлении посоветовал на хватку колесных пар и электродвигателей, вследствие чего электровозы простаивают в ожидании ТО-8.
– Вместо 7 суток мы имеем просто практически в 35 суток. От 5 до 7 электровозов просто стоят в ожидании ремонта, хотя при нормальной поставке они должны быть в работе. По нашему предприятию не хватает порядка 40 тяговых электродвигателей и 36 колесных пар, – сообщил он.
Из-за увеличения межремонтных пробегов с 14-18 тысяч километров до 20-30 тысяч наблюдается невыполнение производственных показателей по ТО-6.
– Когда у нас работало 14 тысяч новых локомотивов, мы пересмотрели нормы и правила ремонта, увеличили пробеги и убрали ТО-7. А сейчас происходит старение парка, и, к сожалению, наблюдается ухудшение ряда показателей, – констатировал Ильяс Лесбаев.
Еще одним наиболее важным вопросом в Таразском депо является текучесть кадров из-за низкой оплаты труда слесарей по ремонту.
– В результате специалисты высокого разряда уходят из депо, на обучение новых необходимо время. Поэтому я предлагаю пересмотреть тарифные ставки слесарей с целью сохранения штата, повышения квали-

фикации и улучшения технологии ремонта, – обратился к руководству директор депо. – Мы постоянно работаем над повышением квалификации наших сотрудников, но текучка кадров сводит все усилия на нет.
Ильяс Лесбаев выдвинул также предложения по улучшению качества сервисного обслуживания. Он считает важным обеспечить оперативную передачу информации о возникающих неисправностях в пути следования, открыть отдел или лабораторию надежности, которая будет анализировать различные отказы и давать предложения по их устранению.
– При этом необходимо пересмотреть нормы расходов материалов на ТО-2. Мы переговорили с директорами локомотивных эксплуатационных депо, и они готовы устранить незначительные неисправности на ТО-2. Но если у них нет запасных частей, а мы, как ремонтники, будем их обеспечивать, то кто покроет эти расходы нам? Если нам удастся решить этот вопрос, ни один локомо-



тив не будет стоять по незначительным неисправностям, – уверен он.
По результатам конференции разработаны рекомендации для трехгодичного плана по улучшению технического состояния каждой серии локомотивов, повышения качества ремонта и сервисного обслуживания, созданию переходного запаса локомотивного оборудования для тепловозов и электровозов серий ТЭП10МК, ВЛ80, ТЭ33А, КЗ4АТ, КЗ8А, КЗ4А, Ас. Встречи представителей АО «НК «КТЖ» его дочерних организаций и частных ремонтных предприятий в таком формате планируется проводить на постоянной основе.
– Здесь решаются очень важные производственные и социальные вопросы. Мы хотим сделать это мероприятие ежегодным для консолидации локомотивных хозяйств и, как следствие, улучшения перевозочного процесса и обеспечения безопасности движения, – сообщил в завершение Марат Шакиенов.

Фото Александра ЖАБЧУКА

БЕЗОПАСНОСТЬ

ПЕРЕЕЗД – НЕ МЕСТО ДЛЯ ЗЕВАК

